

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасында байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 4 қыркүйек N 1142

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Жақсыбек Әбдірахметұлы Құлекеевке қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі

арасында байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.06. N 1152 қаулысымен.

P011152_

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының
Үкіметі арасындағы Байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі,

байланыс саласында өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға, Тараптар мемлекеттерінде электр және пошта байланысы желілері мен құралдарының үзіліссіз қызмет етуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ осы салада құқықтық реттеуді жетілдіруге ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

1. Тараптар байланыс саласындағы өз қарым-қатынасын халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормалары мен қағидаттарына, Дүниежүзілік Пошта Одағы Актілерінің ережелеріне және Халықаралық электрлік байланыс одағының ұсынымдарына сәйкес құрады. Z990382_ V970461_

2. Осы Келісіммен, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық келісімдермен реттелмеген мәселелер екі жақтың келісуі бойынша Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес шешіледі.

2 - б а п

Осы Келісімнің шеңберінде құзыретті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан Тарапы үшін - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

Латвия Тарапы үшін - Латвия Республикасының Көлік министрлігі;

Құзыретті органдардың функцияларын басқа органдарға берген немесе құзыретті органдардың ресми атаулары өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне кідіріссіз хабарлайды.

3 - б а п

Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтарында адресаттарға жіберілетін

барлық пошта жөнелтілімдері мен құжаттық хабарлардың үзіліссіз қабылдануын, өңделуін, тасымалдануын және жеткізілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген мерзімдік басылымдарды таратуға қатысты өзара қызмет көрсетуді ұсынады.

4-бап

Тараптар құзыретті органдар арасында бөлек жасалған халықаралық шарттың негізінде Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасының жеке және заңды тұлғалары арасында ақшалай пошта аударымдарымен алмасуды қамтамасыз етеді.

5-бап

Тараптар өзара тиімді шарттармен өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы электрлік байланыстың, пошта жөнелтілімдерінің барлық түрлерінің еркін транзитін жүзеге асыруға және телевизия мен радиохабарлардың бағдарламаларын беруге кепілдік береді.

6-бап

Осы Келісімді орындаудан туындайтын есеп айырысулар мен төлемдер құзыретті органдардың арасында жасалған халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі.

7-бап

Тараптар байланыс кәсіпорындарында мемлекетаралық хабарларды және ақпаратты берудің технологиялық процестерінде жергілікті уақытты қолданады.

8-бап

Тараптар өзара тиімді шарттармен электрлік және пошта байланысының мемлекеттік желілерін пайдалану мен оларды басқару саласында ынтымақтасады.

9-бап

1. Тараптар төтенше жағдайларда байланыс құралдары арқылы хабарлардың басымдылықпен берілуін қамтамасыз етеді.

2. Тараптар мемлекетаралық байланыс желілеріндегі апаттардың салдарын жоюда өзара көмек көрсетеді. Қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібін құзыретті органдар әзірлейді және келіседі.

1. Тараптар осы Келісімді түсіндіруде және қолдануда туындауы мүмкін барлық даулы мәселелерді құзыретті органдар арасында тікелей келіссөздер және консультациялар жүргізу жолымен шешеді.

2. Осы Келісімде көзделген міндеттемелерді орындау кезінде туындайтын келіспеушіліктерді уақытша негізде арнайы құрылатын және Тараптар өкілдерінің тең санынан тұратын үкіметаралық комиссия қарайды.

11-бап

Тараптар пошта және электр байланысы ұйымдарына кез келген өзгерістердің, сондай-ақ көрсетілген қызметтер үшін өзара есеп айырысу тәртібінің болжамды енуінен тоқсан күн бұрын бұл туралы екінші Тарапқа хабарлайды.

12-бап

Тараптар өзара қызмет көрсетудің бағыттары мен көлемдерін және өзара есеп айырысу тәртібін анықтау және нақтылау үшін Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасының Байланыс әкімшіліктері мен кәсіпорындарының арасында тікелей байланыс орнатылуына мүмкіндік туғызады.

1 3 - б а п

Тараптар қызмет көрсетуге қатысатын Тараптар мемлекеттерінің барлық байланыс кәсіпорындары тұтынушы алдында дер кезінде және сапалы қызмет көрсету үшін бірдей жауапты болатыны туралы келісті және Дүниежүзілік Пошта Одағы актілерінің ережелері мен Халықаралық электрлік байланыс одағының ұсынымдарына сәйкес халықаралық байланыстың сапасыз жұмысына жасалған шағымдарды қарау тәртібін белгілеу қажеттілігін мойындады.

1 4 - б а п

1. Тараптар телефонистер, телеграфистер, техникалық қызметкерлер, байланыс кәсіпорындарының пошта жұмыскерлері арасында қызметтік ақпарат алмасу үшін, сондай-ақ қызметтік құжаттармен алмасу үшін орыс немесе ағылшын тілдерін

қ о л д а н у ғ а

у а ғ д а л а с т ы .

2. Тараптар мемлекеттері арасында жіберілетін пошта жөнелтілімдері

мен жеделхаттардың мекен-жайлары орыс немесе ағылшын тілдерінде ресімделеді. Жеделхаттардың мәтіндері латын әріптерімен қабылдануы және жіберілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісім Тараптардың олар жасасқан басқа да халықаралық шарттарынан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

16-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

1 7 - б а п

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі кезекті бесжылдық кезең аяқталардан кемінде алты ай бұрын осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті

туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарламаса, әрбір келесі бес жылға қолданыс мерзімі ұзартылып бес жыл бойы күшінде болады.

_____ қаласында 2001 жылғы " ____ " _____ әрқайсысы қазақ, латыш және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Латвия Республикасының
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК